## Азық-түлік сапасын бақылау туралы жадынама

Барған күні: 11. 11. 2024 жыл

Білім беру ұйымының атауы: Толғайрон негізгі мектебі

Білім беру ұйымының басшысы: Сарсенғалиев. А. У

Құрамында топ мүшелері (лауазымды көрсететін аты-жөні).:

А Сарсенғалиев – мектеп директоры
А Мұхамбетова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Ж Ахметова – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
Т Ағманова – әлеуметтік педагог
Б. Момешева – қамқоршылық кеңестің мүшесі

Қызмет көрсетуші (бар болса) ИП «Малибетов»

Білім беру ұйымының контингенті (тұлғалары): 257

1-4 сыныптардағы оқушылар саны: 141

Санаты бойынша 5-9 сынып оқушыларының саны: 19

| № | Көрсеткіш | Сәйкес (қол жетімді) | Сәйкессемес (қол жетімсіз) | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | №, асхана (тамақтандыру бөлімшесі) қызметі туралы санитарлық-эпидемиологиялық есеп беру күні | + | | |
| 2 | Асхананың жұмыс уақытының болуы | + | | |
| 3 | Балалардың тамақтануы үшін жағдай жасау (раковиналардың, кептіргіштердің болуы және жағдайы, сабынның болуы және т.б.) (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің № ҚР ДСМ-16 «Санитариялық және санитарлық-гигиеналық ережелерді бекіту туралы» бұйрығы, қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын эпидемиологиялық талаптар») | + | | |
| 4 | Оқушылардың ауызсу режимін сақтауы, ішу режимін ұйымдастыруға жауапты тұлғаның болуы – оқу нысаны басшысының бұйрығы (салқындатқыштардың – бір реттік стакандардың, фонтандардың, стакандары бар қайнаған судың графиндерінің болуы – оны | 19 литр су<br>+ | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сақтау шартымен үш сағаттан аспайтын мерзімге) («Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің № 76 ДСМ бұйрығы) | | | |
| 5 | Ата-аналардың шағымдары мен ұсыныстарын есепке алу кітабы (шағымдар мен қабылданған шараларды бақылау) | + | | |
| 6 | Асхана мен тамақтандыру бөлімшесінде бейнекамера мен бейнебақылау мониторингінің болуы | + | | |
| 7 | Оқушылардың тамақтану кестесінің болуы (асханаға ұйымдастырылған баруды қамтамасыз ету) | + | | |
| 8 | Асханада мекеме басшысы бекіткен күнделікті ас мәзірінің болуы («Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы) | + | | |
| 9 | Буфет өнімдерінің түрлері білім беру органымен бекітілген | + | | |
| 10 | Қабылдамау комиссиясын құру туралы бұйрықтың болуы, қабылдамау комиссиясының құрамы | + | | |
| 11 | Скринингтік комиссияның оқу жылына арналған жұмыс жоспарының болуы | + | | |
| 12 | Қабылдамау комиссиясының жұмысы үшін тиісті құжаттаманың болуы (актілер, өтініштер, хат-хабарлар және т.б.) | + | | |
| 13 | Дайын тағамның бар-жоғын көрсететін перспективалық мәзірдің болуы (білім бөлімі бекіткен перспективалық мәзір) | + | | |
| 14 | Болашақ мәзірдің күнделікті мәзірге сәйкестігі (барған күні) | + | | |
| 15 | Нақты диетаның (барған күні) күнделікті, перспективалық мәзірге сәйкестігі | + | | |
| 16 | Асханасы жоқ мектептерде дайын тағамның шығуын көрсететін фуршет мәзірінің болуы | – | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (білім бөлімі бекіткен фуршет мәзірі) | | | |
| 17 | Асханасы жоқ мектептерде қоғамдық тамақтандыру қызметінің (тасымалдаудың) болуы (оқу бөлімі бекіткен перспективалық немесе фуршет мәзірі) | — | | |
| 18 | Балалардың дұрыс тамақтануын насихаттау және тамақтану мәдениетін дамыту бойынша іс-шаралар өткізу | + | | |
| 19 | Мектептің интернет-ресурсында «Мектеп тағамдары» айдарымен тағамдардың фотосуреттері, жоспарлары, қабылдамау комиссиясының актілері бар мәзірді жүйелі түрде орналастыру (№ 598 бұйрықтың тамақтандыру ережелерінің талаптарын сақтау) | + | | |
| 20 | Шикізат пен дайын өнімдерді қабылдамау журналдарының болуы | + | | |
| 21 | Ыдыс-аяқтарға қойылатын талаптарға сәйкестігі («Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығының 37-тармағы), деформацияланған ыдыс-аяқты, алюминий ас құралдарын, пластмассадан жасалған кесу тақталарын және жарықтары мен механикалық зақымдалуы бар престелген фанераға жол берілмейді) | + | | |
| 22 | Тәуліктік үлгілерге қойылатын талаптарды сақтау (Тәуліктік үлгілер арнайы тоңазытқыш жабдықта немесе тоңазытқыш жабдықтың арнайы бөлінген аймағында +2 °С-тан +6 °С температурасында кемінде 48 сағат сақталады,) | + | | |
| 23 | Тауарлар аймағына сәйкестік | + | | |
| 24 | Жабдық пен мүкәммалды таңбалау | + | | |
| 25 | Персоналдың Конкурстық құжаттамада көрсетілгендерге сәйкестігі | + | | |
| 26 | Қоғамдық тамақтандыру бөлімі қызметкерлерінің медициналық кітапшаларының, қоғамдық тамақтандыру бөлімінің жұмысшыларын тексеру нәтижелері | + | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | туралы журналдың болуы | | | |
| 27 | Арнайы киімдерге қойылатын талаптарды сақтау («Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ № 16 бұйрығы. жеке және арнайы киімдер мен аяқ киімдерді бөлек сақтау) | | | |
| 28 | Қоғамдық тамақтандыру бөлімі қызметкерлерінің саны, (адамдар): (2020 жылғы шілдеден бастап жасалған шарттарға қатысты 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығының 22-тармағы) Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының талаптарын сақтау | | | |

Тексеру нәтижесінде анықталды:

Тексеру барысында мектеп асханасының тазалығы, ыдыс аяқтардың тазалығы, азық-түліктердің түсу мерзімі талапқа сай. Бекітілген ас мәзірі бойынша дайындалған.

Мектеп директоры: [signature] А. Сарсенбаев
Оқу ісінің меңгерушісі: [signature] А. Мухамбетова
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары [signature] Ахметова
Әлеуметтік педагог: [signature] [illegible] Амалова
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: [signature] Б. [illegible]



Бракераж комиссиясының тексеру сәті


















ПРАВИЛА МЫТЬЯ ПОСУДЫ





**«Талғайран негізгі мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

# ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ **№ 3 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 11.11.2024ж.

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры – А.У.Сарсенгалиев
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – А.Мухамбетова
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –Ж.Ахметова
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Б.Малекенова
5. Медбике – Қ.Нәбішева

6.Ата-ана:Жалмуханова.А

7.Әлеуметтік педагог:Агманова.Г

Барлығы: 7 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

**Тыңдалды:**

1. **Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары –Ж Ахметова Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындісы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы.**

Қараша айында мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылының 8 қараша айынан бастап ЖБББ қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізіміне ата-анасының өтініші негізінде әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасыларынан шыққан оқушылар тізімге қосылды:

1.Мұратбек Манарбек 4 ә сынып

2.Мұратбек Ақнәзік 1 б сынып

Қараша айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 160-ті құрап отыр. . Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 141болса, 5-9- сынып оқушыларының саны 19-ді құрайды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Оқушылардың асханаға ыстық тамаққа баруы 2- мезгілде ұйымдастырылды. Мысалы:

**I ауысым**

1-сынып оқушылар үшін – 9.25-9.25
1 сынып оқушылар үшін- 10.15-10.15
4 сынып оқушылар үшін- 11.00-11.00
5-9- сынып оқушылары үшін – 11.45-11.45

**II ауысым**

2- сынып оқушылары үшін -14.55-14.55
3- сынып оқушылары үшін -15.45-15.45
2-сынып оқушылары үшін- 15.45-15.45

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін арыз-шағым дәптері және арыз-шағымды қабылдау платформасына сілтеме қойылған. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тексеру комиссиясының кестесіне сәйкес комиссия мүшелері ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша рейдтерді уақытылы өткізді. Қараша айындағы тексерудің нәтижесі төмендегідей.

Мектеп асханасының жұмысын тексеру барысында ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып жатқанын анықтадық. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан, толық емес отбасындағы, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған. Жалпы қамтылған оқушылар саны – 160. Бұл оқушылар күнделікті белгіленген уақытта тамақтанып жүр.

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексіріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнынан басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сактау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медицианалық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді.

Мектеп асханасын зерделеу мақсатында комиссия мүшелерінің қорытындысына сәйкес мектеп асханасының сапалық құрамы жақсы.

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін арыз-шағым дәптері және арыз-шағымды қабылдау платформасына сілтеме қойылған. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.

**Шешімі:**

1. Ыстық тамақтың сапасын арттыру мақсатында ата-аналардан кері байланыс алынсын.
2. 2024-2025 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылсын.

Қатысушылар:
Мектеп директоры
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Әлеуметтік педагог
Ата-ана
Медбике

Хатшы : Агманова Г.М

Талғайран негізгі мектебі

# *«Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» атты іс-шара туралы жүргізілген жұмыстар*

Әлеуметтік педагог: Агманова Г.М

2024-2025 оқу жылы

**«Талғайран негізгі мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» атты іс-шара туралы мәлімет

13.09.2024жыл.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» атты іс-шарасы өткізілді. Іс-шараны өткізудің басты мақсаты – оқушылардың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Іс-шараға 1-9 сынып оқушыларының ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты. Іс-шара барысында мектептің әлеуметтік педагогы Агманова.Г.М «Асхана әдебі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Нәбішева.Қ. Дұрыс тамақтану, зиянсыз тағамдар секілді тақырыптарда баяндама оқып, үнемі дұрыс тамақтанудың денсаулыққа пайдасы туралы мәлімет берді.

Сонымен қатар, оқушыларға тамаққа бару кестесі, асханада өзін ұстау мәдениеті, ыстық тамаққа кешікпеу, тамақ сапасы туралы шағымдарды қабылдау бойынша ұсыныстар айтылды.

Іс-шара барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, мектеп мектеп дәлізінде өткізілді.

Әлеуметтік педагог Агманова.Г

Мектеп медбикесі Нәбішева.Қ


Ас адамның арқауы


Ас адамның арқауы

Талғайран негізгі мектебі

# *«Дұрыс тамақтану қағидасы»атты іс-шара туралы мәлімет*

*Әлеуметтік педагог: Агманова Г.М*

*Мектеп медбикесі: Нәбішева Қ.М*

2024-2025 оқу жылы

**«Талғайран негізгі мектеп » мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

«Дұрыс тамақтану қағидасы» атты іс-шара туралы мәлімет

22.11.2024ж.

Ағымдағы жылдың 22 қараша күні Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дұрыс тамақтану қағидасы» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат жаңадан ыстық тамақ ішетін оқушыларға мектеп асханасында тамақтану әдебі мен қағидалары туралы түсінік беріп, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, ыстық тамақ ішіп жүрген оқушылардан кері байланыс алып, анықталған олқылықтар бойынша жұмыстар атқару.

Іс-шараға 1-9 сынып оқушыларының ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты. Іс-шара барысында мектептің әлеуметтік педагогы Агманова.Г.М.«Асханада тамақтану тәртібі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Нәбішева Қ. Мектеп асханасында сақталуы тиіс санитарлық-гигеналық талаптар, асхана тағамдарының мөлшері, дұрыс тамақтану қағидалары туралы баяндама оқыды.

Оқу жылының 1 тоқсанында ыстық тамақпен қамтылған оқушылар асхана жайлы кері байланыс беріп, төмендегідей ұсыныстар айтты:

- Ас мәзіріне жеміс-жидек қосу;
- Ас мәзіріне сүт өнімдерін қосу;
- Мектеп асханасында сатылатын асхана өнімдерінің ассортиментін молайту;
- Асхана жұмысын ұлғайту және т.с.с.

Әлеуметтік педагог ұсыныстар негізінде сөз қорытындылап, ұсыныстарды асхана жалға алушысына жеткізетінін айтты.

Іс-шара барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, мектеп дәлізінде және кей сыныптар үшін сынып кабинеттерінде өткізілді.

Әлеуметтік педагог Агманова.Г

Мектеп медбикесі Нәбішева.Қ




Ас адамның арқауы





# Анықтама

**Талғайран негізгі мектебінде 2024 жылы 18 қараша күні оқушыларға «Темекінің адам ағзасына зияны,қаупі!» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.**

**Мақсаты: Оқушыларға қазіргі таңда жасөспірімдер арасында кеңінен қолданып жүрген электронды (вейп) темекінің денсаулыққа зияны және оның алдын-алу. Темекі шегудің таралуын азайту, адам денсаулығына темкінің зияны туралы ақпарат беру.**
**#Біртұтастәрбие_Атырау**





https://www.facebook.com/share/1Mi8JQMygP/

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж. Ж. Ахметова

Педагог-ұйымдастырушы: Г. М. Агманова
Тәлімгер: Т. Егизбаева

Мектеп медбикесі: К. Нәбішева